



Кішкентай  
оқырмандарға  
арналған журнал

№1



БАЛАПАН  
ӘЛЕМІ 



# БАЛАПАН ӘЛЕМІ



# №1

Қазақстан Республикасы  
Ғылым және  
жоғары білім министрлігі  
Тіл саясаты комитетінің  
тапсырысы бойынша  
шығарылды.

Редакциялық алқа  
мүшелері:

Болатов Санжар  
Қапантайұлы  
Шынар Қапантайқызы  
Алимхан Айгүл  
Әсетқызы  
Болатова Айүл  
Санжарқызы  
Қабидоллина Құралай  
Қабидоллақызы  
Қабдуллина Анар  
Қабиденқызы  
Баймурзин Мәди  
Охметұлы

Журнал Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және Ақпарат министрлігінде  
тіркеліп, 24.04.2009 жылы  
№10074 Ж тіркеу куәлігі берілген.


Шығарушы:  
ЖК «MediaSoft»  
070016 Өскемен қаласы  
Ш.Қалдаяқов көшесі 33  
тел: 87054985044  
e-mail: MediaSoft74@list.ru

Басуға қол қойылды:  
Тарапшы:  
Тапсырыс:

## МАЗМҰНЫ:

Тілашар «Мен зерек баламын!	3 бет
Менің Отаным - Қазақстан!	4 бет
Ол кім? Бұл не?	5 бет
Оулан - тап...	6 бет
Боямақтар	7 бет
Салт-дәстүрді білесің бе?	8 бет
Атаулы күндер	9 бет
Ұлылар ұлағаты	10 бет
Өлеңді жаттап аламыз	11 бет
Ертегілер елінде	12 бет
Сергіту жаттығулары	13 бет
Жұмбақтар	14 бет
Жаңылтпаштар	15 бет
Сен білесің бе?	16 бет
Техника тілі	17 бет
Менің отбасым	18 бет
Тапсырмалар	19 бет
Суреттер сөйлеуі	20 бет
Сурет салып үйренеміз	21 бет
Суретті сөздік	22 бет
Достарыммен бірге	23 бет
Ата-анаға кеңес	24 бет





# Тілашар

**Мен зерек баламын.**

**Мен кішкентай баламын,  
Кітап оқи аламын.**

**Дәптер, қалам, сызғышты  
Сөмкеме өзім саламын.**




### ТАПСЫРМА

Шаршыларда берілген  
әріптерге сәйкес  
суреттерді ата



# Менің Отаным - Қазақстан!



## Қазақстан - тәуелсіз ел!

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні — тарихы тереңде жатқан елдің жаңа заманда өз алдына қайта егеменді ел болған күні.


Тәуелсіздік күні мерекесі әр жылдың 16 желтоқсанында аталып өтеді.

Бұл күн ұлттық, мемлекеттік деңгейдегі елеулі мереке болғандықтан



16-17-желтоқсан күндері күнтізбеде демалыс болып табылады.

16-желтоқсан күні Қазақстанның барлық жерлерінде мерекелік мәдени ойын-сауық іс-шаралары ұйымдастырылады.

**Тәуелсіздік белгісі -  
Көк туыма мың алғыс.  
Көк аспанның елшісі,  
Алтын түстес қыран құс!**



ОЛ



**Әлемдегі ең бойы ұзын адам кім?**

Түркиялық 35-жасар Сұлтан Кесеннің бойы 251 сантиметр. Ол — әлемдегі ең ұзын адам.

КІМ?

БҰЛ

**Аюлар неге маймақ, қисық аяқ болады?**




Бәріміз аюды маймақ, қисық аяқ санаймыз. Бұл мүлдем олай емес. Аю бір басқанда бірден оң аяқпен екі адым, содан кейін сол аяқпен екі адым басады. Сондықтан екі жаққа теңселіп жүретіндей көрінеді.


НЕ?




# Ойлан - тап!




Мына 4 суреттің ішінен  
артық суретті көрсет.



Бос орынға қай суретті қоямыз?





Ойыншық неше  
бөліктен тұрады?



# БОЯМАҚТАР

КӨБЕЛЕКТІҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫН БОЯ




Қызыл-жасыл көбелек,  
Бәрі оны елемек,  
Көбелекті бояйық,  
Гүлге ұқсатып керемет.

Суретімді көріп,  
Маған көңіл бөліп.  
Боясаңшы мені  
Деп қарап тұр керік.



# Ұлттық құндылықтар



Қазақ халқының ұлттық тағамдары мынадай түрлерге бөлінеді:

Сүт тағамдары.  
Ет тағамдары.  
Сорпа тағамдары.  
Ұн тағамдары.  
Дән тағамдары.  
Балық тағамдары.  
Жеміс тағамдары



Ет (жас ет, сүр ет).

Жаубүйрек – жаңа сойылған малдың бүйрегінен, етінен пісірілген тағам.

Жөргем – бунақтап өрілген ішек.

Жұмыр – ішіне сарымсақ, сәбіз, күріш, майлы ет салып, аузын түйреген қарын.

Қуырдақ – майға қуырылып пісірілген ет.

Мипалау – пісірілген бастың миына құйқа, ішек–қарын араластырып, тұздық құйып жасаған тағам.

Нарын – піскен ет пен қамырды ұсақтап турап, әбден араластырғаннан кейін, үстіне тұздық құйып берілетін тағам.

Түймеш – туралып, жаншылып, майға қуырылған тағам.

Үлпершек – жүрек қабына май, кесек ет т.б. салып жасалған, шұжық тәрізді тағам.

Шұжық – шикі еттің майлы жерінен турап, тұз, бұрыш қосып, ішекке тығып жасаған тағам.

Бұқтырма – ет, картоп, сәбізді бұқтырып пісіретін тағам.



**Атаулы күндер**



**1  
қаңтар  
жаңа  
жыл!**



# Ұлылар ұлағаты



Әбу Насыр Әл-Фараби

Шығыстың ғұлама ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы бүгінде Отырар аталатын, Арыс өзенінің Сырға барып құятын сағасындағы Фараб қаласында дүниеге келді (қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысындағы Отырар қаласының маңайындағы ортағасырлық қала).


Әбу Насыр бала күнінен ғылымға үйір болып өсті, оның бақытына қарай сол заманда Отырарда аса бай кітапхана бар еді. Әл-Фараби парсы, грек тілдерін үйренеді, осы тілде ғылыми трактаттар оқиды. Фараб пен Бұқарада бастапқы білім алған соң әл-Фараби өз білімін жетілдіру мақсатында Бағдатқа аттанады.

Әл-Фараби – көрнекті ойшыл, өзінің замандастарының арасындағы ең ірі ғалым, философ және шығыс аристотелизмінің ең ірі өкілі. Өзінің білімділігі мен сауаттылығының арқасында "Екінші Ұстаз" атауына ие болды. Әл-Фарабидің шығармашылық мұрасы орасан зор.

Әл-Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Оның еңбектері еуропалық Ренессанстың өрлеуіне үлкен ықпал етті. Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін табыстыруда зор рөл атқарды.



# Өлеңді жаттап аламыз.



Аспандағы жұлдыздарды  
Қолыма ұстап көрсем ғой.

Уысыма толтырып,  
Мамама әкеп берсем ғой.

Моншақ етіп тізіп ап,  
мойыныма тақсам ғой.

Достарыма сұраса,  
бір-екеуін сатсам ғой...



# Ертегілер елінде



## Қасқыр мен түлкі

### Қасқыр мен түлкі

Қасқыр мен түлкі келе жатып бір жартастың үстіне шығады, қасқыр бір қой жеп тойынып алған, түлкі аш. Түлкі жемеген, біраз қайғыланып тұрып, ішін тартады.

Қасқыр:

– Түлкім-ау, неге ішің тартасың? – дейді.

Түлкі:

– Бір нәрсеге қайран қалып тұрмын. Бұл жартасқа екі рет келдім. Сенің әкеңнің ерлігіне сондай сүйсіндім, осы жартастан әкең баяғыда секіріп еді, баласы әкесіндей секіре алады дейсіз бе, – дейді. Қасқыр оған сеніп «мені де сынап көрші, секірейін», – деп жартасқа үш келіп, үш рет қайтады. Түлкі сақылдап күледі. Қасқыр сұрайды:

– Неге күлдің? – деп.

Түлкі:

– Атаңа тартқаныңа күлемін, дәл сен сияқты үш келіп, үш кетіп, төртіншіде секіріп еді, – дейді. Түлкіге сеніп, төртіншіде жартастан секіргенде қасқыр байғұстың құлап түсіп, белі сынады. Досының құлағанын көріп, түлкі артынан келіп, ішегін суырып алып, мырс етіп күледі. Қасқыр:

– Неге күлдің, түлкім? – дейді. Түлкі:

– О, ақымақ! Баяғыда әкеңді де мақтап-мақтап секірітіп, ішегін суырып жеп-ем, – дейді.



# Сергіту жаттығулары

**Бала, бала балақан,  
Кәне, қайсы алақан.  
Саусақтарын әйбат,  
Былай-былай ойнат.  
Топ-топ басайық,  
Жалаудан күн жасайық.  
Жаса, жаса алтын күн  
Жаса, жаса жарқын күн.**



# ЖҰМБАҚТАР




Иісшіл - ит емес,  
Ұшады - құс емес.

Асты тас,  
Үсті тас,  
Ортасында шандыр бас.



Ж  
А  
Ң  
Ы  
Л  
Т  
П  
А  
Ш  
Т  
А  
Р

Аршабек арша деп шыршаны,  
Шыршабек шырша деп аршаны.  
Шатасты күлдіріп баршаны,  
Шырша деп, арша деп шаршады.



Үшкір тұмсық  
Үш шымшық,  
Үстірттен ұшты  
Үш құрт шымшып.

Ала-ала алашалар,  
Тамаша олар,  
Оған кім таласа алар?  
Алашаларды  
Таба алса, алар



# Сен білесің бе?



**Күн сәулесі жерге 8,5 минутта жетеді.**

**Ай жерден 80 есе жеңіл.**

**Толық күн тұтылудың ұзақтығы 7,0 минуттан аспайды.**

**Ал толық ай тұтылу 104 минутқа жейін жетеді.**

**Күн жүйесіндегі ең кішкентай планета —  
плутон, ал ең үлкені — юпитер.**

**Күн жүйесіндегі ең ыстық планета — шолпан.  
Шолпанда күн батыстан шығып, шығыс жаққа батады.**

**Жерден құралсыз көзбен көрінетін планета — уран.**



# ТЕХНИКА ТІЛІ



Samsung The Freestyle Проекторы  
Жылдың үздік гаджеттері кез — келген бетке-қабырғаға, еденге  
немесе төбеге сурет салуға мүмкіндік беретін  
Samsung-тың ерекше портативті проекторын басқарады.

Кәдімгі тікбұрышты проекторлардан айырмашылығы,  
модель 180 градусқа дейін айналатын цилиндрлік корпуста жасалған.

Freestyle-портативті проектор, сондықтан салмағы небәрі 830 грамм.  
Телефоннан немесе компьютерден диагональ  
бойынша 100 дюймге дейінгі кескінді ағынмен жіберу үшін оны  
бөлмеден бөлмеге апару немесе тіпті өзіңізбен бірге алып жүруге оңай.




# Достарыммен бірге

Жазғы демалыс басталғанда, мен достарыммен бірге ауылға баруды шештім. Біз бәріміз жиналып, керемет демалыс өткізуді жоспарладық. Ауылға жеткенде, бізді тамаша табиғат пен таза ауа қарсы алды. Күн сайын жаңа бір қызықты нәрселермен айналыстық.

Бір күні біз орманға баруға бел будық. Орманда серуендеп, жабайы гүлдерді жинадық. Сондай-ақ, біз үлкен алаңқайда пикник жасап, түрлі ойындар ойнадық. Тағы бір күні өзенге барып, қайықпен жүзуді үйрендік.

Балық аулап, өзеннің жағасында от жағып, балықты қуырып жедік. Кешкісін ауылдың айналасында серуендеп, ауыл тұрғындарымен таныстық. Олар бізге ауылдың тарихы мен дәстүрлері туралы қызықты әңгімелер айтып берді.

# ТАПСЫРМАЛАР, ОЙНАЙМЫЗ ДА, ОЙЛАЙМЫЗ...




СУРЕТТЕГІ ЕЛІКТИҢ  
ЖЕТІСПЕЙТІН БӨЛІГІН БЕЛГІЛЕ




РЕБУСТАРДЫ ШЕШ

# ТАПСЫРМАЛАР, ОЙНАЙМЫЗ ДА, ОЙЛАЙМЫЗ...


ӘР ЖЕМІСТІ ӨЗ ЖӘШІГІНЕ САЛ




АҚҚАЛАҒА ҚАРДЫ ЖИНАУҒА КӨМЕКТЕС



# СУРЕТ САЛЫП ҮЙРЕНЕМИЗ



# Суреттер сөйлейді



## Тапсырма

Суреттерге қарап,  
әңгіме құрастыр





## Кішкентай оқырмандарға арналған журнал

Құрметті, Ата-аналар!  
Бала тәрбиесі - ата-ана үшін  
үлкен жауапты міндет.  
Жас шыбық иілгіш болса,  
жас бала да сондай жақсыға да,  
жаманға да бірдей бейім болатыны мәлім.  
Қазақта: «Баланың бас ұстазы – ата-анасы»,  
- деген сөз бар.  
Сондықтан, «Балапан әлемі» журналын  
балаңызбен бірге оқып,  
мәтіндер мен тапсырмалардың мағыналарын  
түсіндіріп беруіңізді сұраймыз.  
Бұл журнал сіздің балаңызға арналады.

БАЛАПАН  
ӘЛЕМІ

№1